

Ақтөбе облысы әкімдігінің 06  
тамыз 2015 жылы № 296  
қаулысымен бекітілді

## **"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 1. Жалпы ережелер**

1. "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Ақтөбе облысы жергілікті атқарушы органдарымен құрылған мемлекеттік ветеринариялық мекемелерімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Өтініштерді қабылдау және қорытынды беру мемлекеттік қызметті беруші кеңсесімен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 "Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 10 тармағында көрсетілген жағдайлар және негіздер бойынша ветеринариялық анықтама беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету қорытындысының нысаны: қағаз түрінде.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттер тәртібін сипаттау**

4. Стандарттың қосымшасына сәйкес өтініш мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі рәсімді (іс-әрекетті) бастауға негіз болып табылады.

5 Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің құрамына кіретін әрбір рәсімдердің (іс-әрекеттердің) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде өтінішті және қажетті құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады.

Нәтижесі: өтінішті тіркеу және құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, тіркеу туралы белгі қойылған өтініш көшірмесін беру және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына ұсынылған құжаттарды танысу, тексеру үшін жолдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш ұсынылған құжаттармен танысады, тексереді, ветеринариялық төлқұжат пен жануардың жеке нөмірі және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасында бар ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтердің немесе оның үзінді көшірмесі негізінде жануарларды, өнімдерді жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттарға ветеринариялық тексеру жүргізеді, сонымен қатар, көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық ахуал ескеріледі.

Нәтижесі: ветеринариялық анықтама дайындайды және кеңсеге жолдайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға (немесе оның сенімхат бойынша өкіліне) мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін береді.

Нәтижесі: көрсетілетін қызметті алушының (немесе оның сенімхат бойынша өкіліне) мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға қол қояды.

### **3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-әрекеттер тәртібін сипаттау**

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-әрекеттердің) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде өтінішті және қажетті құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады, өтінішті тіркеу және құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, тіркеу туралы белгі қойылған өтініш көшірмесін беру және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына ұсынылған құжаттарды танысу, тексеру үшін жолдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттармен танысады, тексереді, ветеринариялық төлқұжат пен жануардың жеке нөмірі және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасында бар ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтердің немесе оның үзінді көшірмесі негізінде жануарларды, өнімдерді жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттарға ветеринариялық тексеру жүргізеді, сонымен қатар, қызметті алушы өтініш берген кезде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық ахуал ескеріледі, өтініш берілген күн ішінде, ветеринариялық анықтаманы дайындайды және кеңсеге жолдау;

3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға (немесе оның сенімхат бойынша өкіліне) мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін береді.

### **4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-әрекет тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін сипаттау**


8. "Ақтөбе облысының халыққа қызмет көрсету" республикалық мемлекеттік мекемесінің филиалы арқылы және "электрондық үкімет" веб портал [www.egov.kz](http://www.egov.kz) арқылы мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдерінің (іс-әрекеттерінің), өзара іс-әрекеттерінің реттілігінің толық сипаттамасы осы регламенттің [қосымша](#) сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-үдерістерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-үдерістерінің анықтамалығы, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Ветинариялық анықтама беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
регламентіне қосымша

### **Мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-үдерістерінің анықтамалығы**



### Шартты белгілер:

ҚФБ – құрылымдық – функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), өзара іс-әрекеттері;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-әрекеттің) және (немесе) ҚФБ атауы;



- келесі рәсімге (іс-әрекетке) өту.